



**БЕКІТЕМІН**  
«Жол-көлік колледжі»  
МККК директоры  
Р.Ү.Искакова  
тамыз 2022ж.

**Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты**  
**«Жол-көлік колледжі» МККК-ның**  
**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТЫ**

ТжКББҰ оқыту-тәрбие процесі кешенінен – ұлттық мәдениеттің, дәстүрдің және құндылықтардың негізінде қазақстандық патриотизм сезімін тәрбиелеу, жастар бойында «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын, өзіндік және жақындары, отбасы үшін әлеуметтік жауапкершілік сезімін қалыптастыру, дәстүрлі отбасы, заңдарға құрмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы және құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, өзге тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысын және абыройын құрметтеу секілді құндылықтарды дамытудан ажырамауы тиіс.

Студенттерді зияткерлік адалдыққа үйретуіміз қажет. ТжКББҰ білім және ғылыми - зерттеу орталығына айналуы тиіс. Оқытушылар өз жұмысында құрмет және табындылықты, студент мәртебесін мойындауды білім саласында сыбайлас жемқорлық және өзге де құқық бұзушылықтар үшін жеке жауаптылықты арттыруды таныта отыра, терең білімге ие болуға және оны үйренушілерге жеткізудің барлық инновациялық нысандарын менгеруге міндетті.

Әрбір оқытушы жаңа заманның нақты критерийлеріне сәйкес білім сапасы параметрін жетілдіру қажет.

**МІНДЕТТЕР**

Жол – көлік колледжінің оқытушылары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті таныта отыра:

- ҚР Конституциясы мен «Білім туралы» заңын қатаң сақтай отырып, үнемі заңдылық принципін басшылыққа алуға;
- әрбір ТжКББҰ білім беру процесі міндеттерінің орындалуына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының жүзеге асырылуына өз үлесін қосуға;
- сыбайлас жемқорлық көріністеріне байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және оған жол бермеуге;
- сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылу тәртібін білуге;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру және қазақстандық патриотизм сезімін нығайтуға;

- білім жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шаралардың қабылдануы мен нығайтылуына ықпал етуге;
- ұйым атынан немесе өз мүддесі үшін сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықтарды жасаудан және оған қатысудан қалыс қалу;
- қоршаған ортаға ұйым атынан немесе өз мүддесі үшін сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықтарды жасауға немесе қатысуға дайындық ретінде түсіндірілетін іс-әрекеттерден қалыс қалу;
- сыбайлас жемқорлыққа қатысты саяси іс-әрекеттерді байқаған жағдайда жедел түрде жоғары тұрған жауапты басшыларға, жауапты тұлғаларға тікелей хабарлау;
- сыбайлас жемқорлықтың ескертілуіне, соның ішінде сыбайлас жемқорлық жүріс-тұрысқа жағдай туғызушы себептер мен алғышарттарды анықтау бойынша шараларға заң аясында қолдау көрсетуге міндеттенеді.

### **Қорытынды бөлім**

Мемлекет пен қоғамға проблемалар мен қатерлерді төндіретін сыбайлас жемқорлық қаупіне, әдептік құндылықтар және әділдіктің төмендеуіне алаңдаушылық білдіре отыра, сыбайлас жемқорлықтың еліміздің барлық білім жүйесіне қауіп-қатерін сезіне отыра, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қабылдайды және міндеттенеді.

Колледж ұжымы өз қызметінде “Білім туралы”, “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” Заңдарды, Президенттің халыққа Жолдауларын және басқа да нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.